

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 165 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 қарашада № 25295 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Бөкей ордасы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бөкей ордасы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Менешовке жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бөкей ордасы ауданының әкімі

H. Даумов

Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 18 қарашадағы № 165
қаулысына қосымша

Бөкей ордасы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық татақтану объектілері)
1	Сайқын ауылы, Т.Жароков көшесінде орналасқан "Салтанат" дүкеніне қарама-карсы	72	3	Азық-түлік / азық-түлік е м е с тауарлар	"Салтанат" дүкені
2	Мұратсай ауылы, М.Мәметова көшесінде орналасқан "	30	3	Азық-түлік /	жоқ

	Қазақтелеком" Акционерлік қоғамының ғимаратына қарама-қарсы			азық-түлік е м е с тауарлар	
3	Бисен ауылы, Б.Жәнекешев көшесінде орналасқан "Бисен ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	50	3	Азық-түлік / азық-түлік е м е с тауарлар	"Ағайын" дүкені
4	Хан ордасы ауылы, А.Оразбаева көшесінде орналасқан "Орда ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	72	3	Азық-түлік / азық-түлік е м е с тауарлар	"Мадина" дүкені
5	Бөрлі ауылы, Т.Масин көшесінде орналасқан Бөрлі ауылдық мәдениет үйі ғимаратына қарама-қарсы	50	3	Азық-түлік / азық-түлік е м е с тауарлар	"Нәзік" дүкені
6	Ұялы ауылы, Х.Маданов көшесінде орналасқан "Алинұр" дүкеніне қарама-қарсы	40	3	Азық-түлік / азық-түлік е м е с тауарлар	"Алинұр" дүкені
7	Саралжын ауылы, Кенес көшесінде орналасқан "Ақнұр" дүкеніне қарама-қарсы	40	3	Азық-түлік / азық-түлік е м е с тауарлар	"Ақнұр", "Нар-Жан" дүкендері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК